

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1165 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 1146 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін, бірақ ерте дегенде 01.01.2025 қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 3-тармағының 17) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бекітілсін.

2. Халықаралық шарттарға сәйкес уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген ақша қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсалуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2015 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1165 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі

1. Қызметінің негізгі мәні "Байқоңыр" ғарыш айлағының ғарыштық инфрақұрылым объектілерінің базасында экологиялық қауіпсіз жаңа "Бәйтерек"

ғарыш зымыран кешенін құру болып табылатын "Бәйтерек" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамы 2005 жылғы 21 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған, 2004 жылғы 22 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге сәйкес сатып алатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілген қызметтер:

- 1) "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінің (бұдан әрі – "Бәйтерек" F3K) құрамында пайдалану болжанып отырған техникалық және ұшу кешендерінің жабдығына тексеріс жүргізу, бөлшектелетін жабдықтың құрамын анықтау, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының көлемін анықтау;
- 2) "Бәйтерек" F3K құрамында пайдалану болжанып отырған техникалық және ұшу кешендерінің құрылымы конструкциялары мен инженерлік-техникалық жүйелерін зерттеу;
- 3) "Бәйтерек" F3K-ге техникалық жобаны әзірлеу, жаңа агрегаттар мен ұшу және техникалық кешендер жүйелерінің жаңаларын жасау және жұмыс істеп тұрғандарын жетілдіру жөніндегі тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға техникалық тапсырмалар беру, инвестицияларды негіздеу үшін бастапқы деректерді беру;
- 4) ұшу және техникалық кешендердің, жердегі жабдық жинақтарының, тексеру аппаратуrasesы мен тасымалдау құралдарының жаңадан жасалатын және жетілдірілетін технологиялық агрегаттары мен жүйелеріне эскиздік жобалар мен конструкторлық құжаттама шығару;
- 5) техникалық тапсырмаларды, бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеу, "Бәйтерек" F3K құрамында пайдалану болжанып отырған ұшу және техникалық кешендер жабдығының белгіленген көрсеткіштерін ұзарту жөнінде жұмыс жүргізу, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, қорытындылар беру;
- 6) "Бәйтерек" F3K жұмыстарында іске қосылмаған жабдықты бөлшектеу;
- 7) кешенниң құрылымы бөлігіне бастапқы деректерді беру, ұшу және техникалық кешендердің қайта жаңартуға арналған инвестиациялардың негіздемесін әзірлеу;
- 8) жобаның жұмыс құжаттамасының негізінде іздестіру жұмыстарын жүргізу;
- 9) ұшу және техникалық кешендердің қайта жаңарту жөніндегі құрылымы-монтаждау жұмыстарына арналған жұмыс жобасын әзірлеу;
- 10) жетілдірілетін және жаңадан енгізілетін технологиялық агрегаттар мен жүйелердің, жердегі жабдық жинақтарының, тексеру аппаратуrasesының және тасымалдау құралдарының жабдығын жасау әрі жеткізу;

- 11) технологиялық агрегаттар мен жүйелерге арналған пайдалану құжаттамасын, жердегі жабдық жинақтарын, тексеру аппаратурасы мен тасымалдау құралдарын шығару, кешенді құжаттаманы шығару;
- 12) технологиялық жабдықты жасау және жеткізу;
- 13) құрылыш жұмыстарын жүргізу, ұшу және техникалық кешендерде арнаулы техникалық жүйелерді монтаждау;
- 14) технологиялық жабдықты, жердегі жабдық жинақтарын, тексеру аппаратурасын монтаждау;
- 15) іске қосу-жөндеу жұмыстарын, ұшу және техникалық кешендердің жүйелері мен агрегаттарын дербес және кешенді сынауларды жүргізу;
- 16) "Бәйтерек" F3K үшін қазіргі "Байқоңыр" кешеніндегі байланыс және телекоммуникациялық қамтамасыз ету жүйесін жете жарақтандыру;
- 17) "Бәйтерек" F3K өлшеу, ақпарат жинау және өндіру құралдарының кешенін құру;
- 18) темір жолдарды қайта жаңарту;
- 19) оттегі-азот зауытын және зымыран отын құрауыштарын сақтау кешенін қайта жаңарту;
- 20) 11Г141 және 11Г12 май қую-бейтараптандыру станцияларын қайта жаңарту;
- 21) бағдарламалық-әдістемелік және кешенді пайдалану құжаттамасын әзірлеу;
- 22) "Бәйтерек" ГЗК-нің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі және "Бәйтерек" F3K-ні құру мен пайдалану кезінде зымыран тасығыштан бөлінетін бөліктердің ұшу трассалары мен құлайтын аудандарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар;
- 23) регламенттік жұмыстарды, техникалық және ұшу кешендері жабдығын, өлшеу, ақпарат жинау және өндіру құралдарының кешенін, айдау блогын жер үсті басқару кешенін және "Бәйтерек" F3K инфрақұрылымының басқа да объектілерін ұстау және ағымдағы пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- 24) ғарыштық мақсаттағы зымыранмен жұмыстарға технологиялық жабдық дайындау;
- 25) техникалық және ұшу кешендеріндегі ғарыштық мақсаттағы зымыранды жинау және сынау жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету;
- 26) зымыран отынының құрауыштарын сатып алу және тасымалдау;
- 27) іске қосқаннан кейінгі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары;
- 28) "Бәйтерек" F3K-нің құрылыш ғимараттарының, техникалық және технологиялық жабдықтарының белгіленген көрсеткіштері мен ресурсын ұзарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу.

2. Қызметінің негізгі мәні 2001 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) шенберінде табиғи газды сатып алу оның маркетингі, тасымалдау және қайта өндіру болып табылатын "ҚазРесейГаз" бірлескен кәсіпорны – жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Келісімге сәйкес сатып алатын тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер:

1) Қарашығанақ кен орнының табиғи газы;

2) Қазақстан Республикасында тұтынуға арналған газдың көлемін қоса алғанда, Ресей Федерациясының газ өндіру зауыттарында Қарашығанақ кен орнының табиғи газын тасымалдау және өндіру жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер;

3) Қазақстан Республикасының ішкі нарығын айырбастау операцияларының шенберінде басым қамтамасыз ету мақсатында басқа

көздерден алынатын табиғи газ және оны тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер.

3. Қазақстан-Қытай мұнай құбырының екінші кезеңін пайдалануға беру мақсатында жүзеге асырылатын Атырау – Қенқияқ – Құмкөл – Атасу – Алашанъкоу бағыты бойынша магистральдық мұнай құбырлары жүйесі (бұдан әрі – Атырау – Алашанъкоу мұнай құбыры) мен олардың объектілерін қайта жаңарту және салу үшін "Қазақстан-Қытай Құбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "МұнайТас" Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "КазТрансОйл" акционерлік қоғамы 2007 жылғы 18 тамызда жасалған 2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы негізгі келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға сәйкес қызметтің негізгі мәні бойынша сатып алатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер:

1) жобалық-зерттеу жұмыстарын, авторлық қадағалауды, жобалық жұмыстардың сараптамаларын қоса алғанда, нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік сараптамалардан өткен жобалық-сметалық құжаттамада көзделген көлемде және мөлшерде Атырау – Қенқияқ – Құмкөл – Атасу – Алашанъкоу бағыты бойынша магистральдық мұнай құбырлары жүйесін салу және қайта жаңарту үшін қажетті тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер:

құбыр өнімі;

тиекті арматура;

сорғы жабдығы мен агрегаттары;

термошөгінді манжеттер және оқшауландырылғыш материалдар; дәнекерлеу материалдары мен жабдығы; тазалау қондырғыларын іске қосу және қабылдау камералары; темір-бетон бұйымдары; металл прокаты және металл конструкциялары; электр сымдары; жылжымалы және тұрақты дизельді электр станциялары; катодтық қорғау станциялары; бақылау, басқару және деректер жинау жүйесінің жабдығы; технологиялық жабдыққа арналған блок бокстар; талшықты-оптикалық кабель; байланыс жабдығы; периметральды қорғау жүйесінің жабдығы; өртке қарсы дабыл және өрт сөндіру жүйесінің жабдығы; күш және бақылау кабельдері; мұнайдың мөлшері мен сапасын коммерциялық есептеу тораптары; автоматтандырылған сынама алғыштар; жоғары вольтты жабық және ашық таратушы қондырғыларға арналған электр жабдығы; электр трансформаторлары; қысым реттегіштер; технологиялық фильтрлер; арнайы қорғау киімі мен аяқ киім; жанар-жағар май материалдары; АҚП-га арналған арнайы машиналар, автокөлік техникасы; магистральдық мұнай құбыры объектілерін, жоғары вольтты желілерді, жолдарды, мұнай айдау станцияларын, сыртқы электрмен жабдықтауды және сумен жабдықтауды, технологиялық байланыс жүйесін, мұнай құбырын бақылау, басқару және деректер жинау жүйесін салу;

3) жобалауды, тауарларды (материалдар мен жабдықтарды) жеткізуді және мұнай құбыры объектілерін салуды басқару және қадағалау;

4) Атырау – Кенқияқ – Құмкөл – Атасу – Алашанькоу бағыты бойынша магистральдық мұнай құбырлары жүйесін жобалауға, салуға және пайдалануға беруге байланысты консультациялық, оның ішінде заң және қаржы көрсетілетін қызметтері.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 23.10.2019 № 791 қаулысымен.

4. Қызметінің мәні "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қазақстандық бөлігінің инфрақұрылымын құру, дамыту және

жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылатын "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастыры халықаралық орталығы" акционерлік қоғамы 2005 жылғы 4 шілдеде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастыры халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісімге сәйкес сатып алатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер:

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастыры халықаралық орталығында мемлекеттік шекара арқылы өтетін арнайы өткелдің қазақстандық бөлігін жобалау мен салуға қажетті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер.

5. Қызметінің мәні топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорын жүргізу болып табылатын Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі Геодезия және картография комитетінің "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны 2001 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын делимитациялау және оны демаркациялау процесі туралы шартты, 2001 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-өзбек мемлекеттік шекарасы туралы шартты, 2002 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-өзбек мемлекеттік шекарасының жекелеген участкері туралы шартты, 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Қазақстан-қырғыз мемлекеттік шекарасы туралы шартты, 2002 жылғы 10 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай мемлекеттік шекара сызығын демаркациялау туралы хаттаманы және 2005 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартты іске асыру мақсатында сатып алатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер:

Қазақстан Республикасының шектес мемлекеттермен мемлекеттік шекара сызығын межелеу және шегендеу (қайта шегендеу) жүргізу үшін қажетті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.09.2020 № 559 қаулысымен.

6. 2013 жылғы 24 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы шартқа сәйкес қызметінің негізгі түрлерінің бірі Қазақстан Республикасы Қарулы

Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының мұқтажы үшін қаруды, әскери техниканы, оқ-дәрілерді, оларға қосалқы бөлшектер мен жиынтықтаушы бұйымдарды, өнімдерді, жабдықты және қосарлана қолданылатын тиісті технологияларды импорттау болып табылатын Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитетінің "Қазарнаулы экспорт (Казспецэкспорт)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны сатып алатын әскери мақсаттағы тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер:

1) құрлық әскерлерінің қару-жарағы мен әскери техникасы, оларға қосалқы және жиынтықтаушы бұйымдар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, оның ішінде техникалық қызмет көрсету мен жөндеу, зияткерлік қызмет нәтижелері;

2) әскери-әуе қүштерінің қару-жарағы мен әскери техникасы, оларға қосалқы және жиынтықтаушы бұйымдар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, оның ішінде техникалық қызмет көрсету мен жөндеу, зияткерлік қызмет нәтижелері;

3) әскери-теңіз қүштерінің қару-жарағы мен әскери техникасы, оларға қосалқы және жиынтықтаушы бұйымдар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, оның ішінде техникалық қызмет көрсету мен жөндеу, зияткерлік қызмет нәтижелері;

4) оқ-дәрілер, оларға қосалқы және жиынтықтаушы бұйымдар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, оның ішінде техникалық қызмет көрсету мен жөндеу, зияткерлік қызмет нәтижелері.

Ескерту. Тізбе 6-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2016 № 738 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 17.02.2020 № 64 қауалыларымен.

7. 2001 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2000 жылғы 20 маусымда жасалған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге сәйкес қызметінің негізгі түрлерінің бірі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының мұқтажы үшін қаруды, әскери техниканы, оқ-дәрілерді, оларға қосалқы бөлшектер мен жиынтықтаушы бұйымдарды, өнімдерді, жабдықты және қосарлана қолданылатын тиісті технологияларды импорттау болып табылатын Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитетінің "Қазарнаулы экспорт (Казспецэкспорт)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны сатып алатын әскери мақсаттағы өнім:

1) құрлық әскерлерінің қару-жарағы мен әскери техникасы, оларға қосалқы және жиынтықтаушы бұйымдар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, оның ішінде техникалық қызмет көрсете мен жөндеу, зияткерлік қызмет нәтижелері;

2) әскери-әуе қүштерінің қару-жарағы мен әскери техникасы, оларға қосалқы және жиынтықтаушы бұйымдар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, оның ішінде техникалық қызмет көрсете мен жөндеу, зияткерлік қызмет нәтижелері;

3) әскери-теңіз қүштерінің қару-жарағы мен әскери техникасы, оларға қосалқы және жиынтықтаушы бұйымдар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, оның ішінде техникалық қызмет көрсете мен жөндеу, зияткерлік қызмет нәтижелері;

4) оқ-дәрілер, оларға қосалқы және жиынтықтаушы бұйымдар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, оның ішінде техникалық қызмет көрсете мен жөндеу, зияткерлік қызмет нәтижелері.

Ескерту. Тізбе 7-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2016 № 738 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 17.02.2020 № 64 қаулыларымен.

8. 2015 жылғы 31 тамызда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы индустримальдыру және инвестициялар саласындағы ынтымақтастықты нығайту жөніндегі негізdemelіk келісімге сәйкес "Астана LRT" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Астана қаласының жаңа көлік жүйесі. LRT (әуежайдан жаңа теміржол вокзалына дейінгі учаске)" жобасын іске асыру аясында сатып алатын тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер.

Ескерту. Тізбе 8-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 28.06.2018 № 387 қаулысымен.

9. "ЮНЕСКО аясындағы Орталық Азия өңірлік гляциологиялық орталығы (2-санат)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Орталық), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің "География және су қауіпсіздігі институты" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – акционерлік қоғам) 2012 жылғы 29 мамырда Астанада жасалған, 2017 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО) арасындағы Қазақстан Республикасында Орталық Азия өңірлік гляциологиялық орталығын құру (2-санат) туралы келісімге сәйкес қызметінің негізгі мәні бойынша сатып алатын тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер:

1) акционерлік қоғам мен Орталықтың жұмыс істеуі үшін қажетті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер: арнайы киім, шығыс материалдары,

жанар-жағармай материалдары, стационарларды қамтамасыз етуге арналған отын мен көмір, жету қын биік таулы жерлерде жұмыс істеуге арналған экспедициялық және арнайы керек-жараптар;

2) ұйымдастыру техникасы, компьютерлер, өлшеу аспаптары, метеорологиялық жабдық пен аспаптар, зертханалық жабдық, пилотсыз ұшу аппараттары (дрон), экспедициялық зерттеулерге қызмет көрсетуге арналған арнайы машиналар мен жүріп өту мүмкіндігі жоғары автокөлік техникасы;

3) техникалық қолдауымен ArcGIS (ESRI) үстелдік және серверлік бағдарламалары;

4) серверлік бағдарламалық қамтылымды өрістетуге арналған серверлер;

5) талшықты-оптикалық кабілді, байланыс жабдығын орнату, әкімшілік ғимарат пен ғылыми стационарлар үшін құрылымдалған кабілдік желіні монтаждау жөніндегі көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар;

6) Орталық Азия өнірінің биік таулы аудандарында Орталықтың зерттеу бағдарламаларын қамтамасыз ету мақсатында үй-жайларды, жабдықтарды, техниканы, автокөлік құралдарын жалға алу;

7) әкімшілік ғимараттың және ғылыми стационарлардың қызметтік үй-жайларын оғистік жиһазбен, жабдықпен, аспаптармен және шығыс материалдарымен жарақтандыру, үй-жайларды, өлшеу аспаптарын/жабдықтарды және автокөлік техникасын жөндеуге арналған пайдалану шығыстары;

8) ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу: ғылыми мақалаларды жариялау, жинақтарды, монографияларды, атластарды, мерзімді журналдарды басып шығару, патенттеу және талдамалық материалдарды сатып алу;

9) Қазақстан Республикасының аумағындағы дүлей табиғи қауіптер: селдер, көшкіндер, су тасқыны және басқа да төтенше гидрометеорологиялық құбылыстар, су және экологиялық қауіпсіздік қатерлеріне байланысты ғылыми-қолданбалы жұмыстар;

10) Орталықтың әкімшілік ғимаратын және ғылыми стационарларды салу үшін қажетті тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер.

Ескерту. Тізбе 9-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.02.2021 № 76 қаулысымен.

10. Қызметінің негізгі түрлерінің бірі босатылатын әскери-техникалық құралдарды, оның ішінде құрамында радиоактивті компоненттер бар оқ-дәрілерді жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өндеу болып табылатын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны 1993 жылғы 13 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың

шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және жаппай қырып-жоятын қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімге (бұдан әрі – Келісім) сәйкес:

1) ядролық зерттеу реакторларын конверсиялау жөніндегі жұмыстар шенберінде заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік сараптамалардан өткен жобалау-сметалық құжаттамада көзделген көлемде және мөлшерде объектілердің элементтері мен жүйелерін:

атқарушы, өлшеу және логикалық кіші жүйелерді жаңғыртуды қоса алғанда, реакторларды автоматты басқару және қорғау жүйелерін;

реакторларды салқыннату, эксперименттік құрылғыларды салқыннату жүйелерін, параметрлерді технологиялық бақылау жүйелерін;

реакторлық кешендердің радиациялық қауіпсіздік және дозиметрлік бақылау жүйелерін;

реакторлық кешендердің көлік-технологиялық жүйелерін және жүк көтергіш жабдығын;

реакторлық кешендердің радиоактивті қалдықтар қоймасының, радиациялық-қорғау камерасының, аралық қоймаларының құрылышын жобалау, салу, реконструкциялау, жаңғырту үшін;

2) ядролық зерттеу реакторларының жоғары байытылған ядролық отынын шығарылған еліне қайтару, қайта өндөу және кәдеге жарату міндеттерін іске асыру үшін сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер.

Ескерту. Тізбе 10-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.08.2021 № 566 қаулысымен.

11. 2019 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы поляр маңындағы орбиталарға солтүстік бағыттағарыш аппараттарын ұшыру үшін "Байқоңыр" ғарыш айлағынан "Союз-2" типіндегі тасымалдағыш зымырандарды ұшыруды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес сатып алынатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге мыналар жатады:

жергілікті атқарушы органдар мен шаруашылық басшыларын тасымалдағыш зымыранның алдағы ұшырылуы туралы құлақтандыру;

тасымалдағыш зымыранды ұшыру алдында құлау ауданын шолып байқау және тасымалдағыш зымыранды ұшыруды жүргізу кезеңінде құлау ауданын уақытша жабу;

тасымалдағыш зымыранды ұшыру жүзеге асырылған соң тұрғындарды (бар болса) құлау ауданынан эвакуациялау және оларды қайтару;

тасымалдағыш зымыранның бөлінетін бөліктерінің фрагменттерін іздестіру;

табылған сұйықтықты зымыран қозғалтқыштарын (немесе олардың фрагменттерін) және тасымалдағыш зымыраннан бөлінетін бөліктерінен

құрамында бағалы металдары бар бұйымдарды (немесе олардың фрагменттерін) ұшыруды жүргізетін ұйымға қайтару;

жануарлар дүниесіне және өсімдік жабынына әсерді төмендету мақсатында ерт қауіпсіздігі талаптары мен нормативтерін сақтау;

тасымалдағыш зымыранның бөлінетін бөліктері жерге түскен кезде ерт туындаған жағдайда дала өрттерін барынша тез жою;

тасымалдағыш зымыранның бөлінетін бөліктерінің фрагменттерінен құлау ауданын уақтылы тазалау (бөлінетін бөліктер сорға құлаған кезде оларды құлау ауданынан қысқы кезеңде эвакуациялауға жол беріледі);

тасымалдағыш зымыранның бөлінетін бөліктері құлаған жерлерде ластанған участеклерді детоксикациялау (қажет болған кезде) және бұзылған топырақ жабынын техникалық рекультивациялау (тегістеу);

"Байқоңыр" ғарыш айлағының позициялық ауданы қоршаған ортасының жай-күйіне тасымалдағыш зымырандарды дайындау және ұшыру әсерін бағалау;

құлау ауданында және шектес аумақта орналасқан елді мекендердің қоршаған ортасының жай-күйіне тасымалдағыш зымыранның бөлінетін бөліктерінің құлау әсерін бағалау;

құлау ауданында және шектес аумақта флора мен фаунаның жай-күйін жыл сайынғы мониторингтеу;

бес жылда бір рет немесе құлау ауданын пайдалану мерзімі аяқталған соң құлау ауданы мен шектес аумақтың қоршаған ортасының жай-күйіне тасымалдағыш зымырандарды ұшырудың әсерін кешенді бағалау.

Ескерту. Тізбе 11-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 07.02.2023 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымындағы міндеттемелеріне байланысты мәселелер бойынша Дүниежүзілік сауда ұйымының хатшылығымен және Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелерімен өзара іс-қимыл жасасу жөніндегі 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы хаттамаға сәйкес сатып алынатын көрсетілетін қызметтерге:

саудадағы техникалық кедергілер, санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ақпарат орталығы қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және техникалық регламенттер, стандарттар мен өнімнің сәйкестігін раставу рәсімдері бойынша ақпарат беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер жатады.

Ескерту. Тізбе 12-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.09.2023 № 788 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. 1958 жылғы 20 наурызда Женевада жасалған Доңғалақты көлік құралдарына, доңғалақты көлік құралдарында орнатылуы және (немесе)

пайдаланылуы мүмкін жабдықтау заттары мен бөлшектерге арналған біркелкі техникалық нұсқамаларды қабылдау туралы және осы нұсқамалар негізінде берілетін ресми бекітулерді өзара тану шарттары туралы келісімге және Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 шешімімен бекітілген "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) 43-тармағына сәйкес сатып алынатын көрсетілетін қызметке:

көлік құралының типін макулдауды, шасси типін макулдауды ресімдеудің дұрыстығы мен негізділігін тексеру жөніндегі көрсетілетін қызмет жатады.

**Ескерту. Тізбе 13-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.09.2023 № 788 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2015 жылғы 31 желтоқсандағы

№ 1165 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 56 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 16, 189-құжат).

2. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 56 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 қыркүйектегі № 1092 қаулысы

3. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 56 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 тамыздағы № 772 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 43, 639-құжат).